

**«Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Мойынқұм ауданының
білім бөлімінің «Балдәурен» балабақшасы» МКҚК**

Манту не үшін қажет?

Баяндама

Медбике: З. Бульдешова

Биназар ауылы 2021ж

Манту не үшін қажет?

Мантуды көпшілік екпемен (прививка) шатастырып, оны қабылдаудан бас тартып жатады.

Манту не үшін қажет? Манту деген кім? Бұл сынама өзін туберкулезді зерттеуге арнаған француздық дәрігер Шарль Манту есімімен аталған. Ол диагностика жасау үшін тері асты туберкулин дәрісін жіберуді ұсынған. Манту реакциясы деген не? Ол - ағзада туберкулез жұқпасының бар-жоғын көрсететін сынама немесе тест. Манту сынамасын орындау кезінде дәрігер тері астына туберкулин (туберкулез микробактериясының сығындысы) жібереді. Дәрі жіберген жерге туберкулез қоздырушыларымен байланыста болған лимфоциттер ғана бағытталады. Дәрігер үш күн өткен соң терінің тығыздалуының өлшеміне карап, туберкулездің бар-жоғын анықтайды. Мантуды неге сулауға болмайды? Көптеген ата-аналарды мантуды неге сулауға болмайтындығы және суланып калса, не болатындығы мазалайды. Негізінде, қауіпті ештеңе жоқ. Егер дәрі жіберген жерді қасымаса, уқаламаса және жабыстырғыш жабыстырмаса, онда судың тигені нәтиженің бұрмалануына әкелмейді. "Мантуды суламау керек" деген ереже ескі естеліктен қалған. Себебі дәрігерлер Манту сынамасына дейін Пирке сынамасын жасайтын болған. Ол кезде туберкулин қолдың сыртына жағылады, содан соң сол арқылы арнайы кертiк жасалады. Егер сол ашық жараға су тисе, тест нәтижесі шынымен де өзгеріске ұшырайтын. Туберкулинді жіберген соң реакция әртүрлі болады: біреулерде ешқандай із қалмайды, біреулерде қызыл дақ қалады. Реакция былай бөлінеді: - тығыздалу өлшемі 0-1 мм - теріс нәтиже; - 2-4 мм - күмәнді реакция; - 5 мм-ден жоғары - оң реакция; - балаларда 17 мм немесе ересектерде 21 мм - денсаулыққа қауіпті гиперергиялық реакция. Мантудың қандай реакциясы ойландыру керек? Кей жағдайда Манту реакциясын тексерген соң дәрігер баланы фтизиатр кеңесіне жіберуі мүмкін. Мысалы: тексеріс кезінен бастап бірінші рет оң реакция көрінді, туберкулинге сезімталдық алдыңғыға қарағанда жоғарылап кетті, жалпы сезімталдығы өте жоғары болды. Алайда, бірден қорқудың қажеті жоқ. Себебі реакцияның өзгеруі түрлі аурулармен, сынама қаншалықты дұрыс жасалғандығымен және туберкулинді сақтау шартымен байланысты болады. Манту сынамасы нәтижесінің ауытқуы кезінде баланы фтизиатрдың кеңесіне жібереді. Бірақ ол баланың туберкулезбен ауыратындығын білдірмейді. Ол тек қосымша қаралуды қажет ететіндігін көрсетеді. Фтизиатрға барғанда вакциналау мәліметін, Манту сынамасының бұрынғы нәтижелерін, флюорография нәтижесін және қан мен зәр анализдерін апару керек. Фтизиатр қосымша қаралу туралы шешім қабылдайды. Ереже бойынша, Диаскинтест жасатады. Диаскинтест - ағзадағы туберкулез қоздырғыштарының бар-жоғын анықтайтын сынама. Оның Мантудан айырмашылығы, бұл тест БЦЖ екпесімен байланысты реакцияны көрсетпейді. Сондықтан оны жасау кезінде өтірік оң нәтиже ешқашан шықпайды. Егер Диаскинтест оң болып шықса, баланы емделуге

жібереді. Себебі, ол 100% сенімділікпен туберкулезбен ауырады немесе ауру жасырын түрде өтуде. Сондықтан емді ертерек бастаған жөн.

Қазір бүкіл әлем коронавирус індетімен күреске жұмылған сәтте, туберкулез секілді қатерлі індетпен күрес мәселесі шетте қалған секілді.

ДДСҰ екі жылда коронавирустан әлемде шамамен 5-6 миллионнан астам адам көз жұмды деп есептейді. Осыған орай бүкіл әлем дабыл қағуда. Ал ұзақ уақыттан бері жыл сайын әлемде туберкулезден 2 млн адам көз жұматыны туралы статистиканы елемейміз. Туберкулезбен күресте оң нәтижеге қол жеткізу үшін осы ауруды ертерек анықтау аса маңызды. Елімізде туберкулезді анықтаудың екі түрі заңды түрді бекітілген - олар флюорография (15 жастан жоғары) және Манту сынамасы (балаларға). Өкінішке қарай, соңғы кездері елімізде балаларына Манту сынамасын салдыруға қарсы ата-ана қарасы көбейіп келеді. Көп жағдайда ондай атаана түрлі күмәнді дерек көздерінен оқып-білген жалған ақпар мен аңыздарға сеніп қалады. Сондықтан ел аузында жүрген осындай қисынсыз әңгімелерге жауап беру үшін ҚР ДСМ фтизиопульмонология Ұлттық ғылыми институтының мамандарының көмегіне жүгіндік.

«Манту сынамасындағы заттар балаға зиян»

Манту сынамасы - бұл ағзада туберкулез микобактерияларына қарсы антидененің бар-жоғын анықтайтын тест. Туберкулин - вакцина емес, ол баланың ағзасында қандайда бір антидене қалыптастырмайды. Қазақстанда халықты жаппай туберкулезге тексеру мақсатында Манту сынамасы 50 жылдан астам уақыт бойы қолданылып келеді.

«Манту реакциясы үшін құрамында токсинді улануға әкелетін фенолы бар туберкулин қолданылады»

Негізінде фенол көптеген тіршілік несінде, оның ішінде адам ағзасында үнемі кездесетін, зат алмасу үдерісінің табиғи өніміне жататын зат. Туберкулин ертіндісіне расымен де фенол қосылады. Бірақ оның мөлшерінің аздығы соншалық, адам ағзасы улануы үшін бір тәулік ішінде адамға туберкулинді 1000 мәрте салу керек болар еді.

«Манту сынамасының қарсы көрсетілімдері өте көп, бірақ оны дәрігерлер айтпайды»

Манту сынамасының да қарсы көрсетілімдері бар, бірақ көп емес. Манту сынамасын салардың алдында кез келген медицина қызметкері ол туралы айтып беруге міндетті: • Асқынған инфекциялық аурулар; • Асқынған жағдайдағы кез келген созылмалы дерт;

• Терінің бөртуі;

• Аллергия реакциясы; • Бронхиалды астма;

- Балалар мекемесіндегі карантин;
- Бала соңғы бір айда екпе алған жағдайда.

Тіпті осындай қарсы көрсетілімдері бар болған жағдйдың өзінде Манту салдыру еш қауіп төндірмейді. Егер папуласы іріндесе, осыған құрғақ таңғышты салып және оны жүйелі түрде ауыстыру керек. Егер ірің болса да, папуланы иісмаймен, маймен жақпаңыз. Инъекция орнын тиіп тұратын киімді кименіз. Манту сынамасы деген не?

Манту сынамасы - бұл туберкулез қоздырушысымен болған байланысты көрсететін тері сынамасы, бұл 15 жасқа дейінгі балалардағы туберкулезді айқындаудың негізгі әдісі. Осы сынаманы балаларға бір жастан бастап жыл сайын өткізеді (ал 6 айдан бастап БЦЖ егуді алмаған балаларға) 15 жасқа дейін өткен нәтижеден тәуелсіз. Жілініштікте тесттің өткізуінде туберкулин инъекциясы енгізіледі. Туберкулиннің қолдануы туберкулезбен жұқпалы ауруды адам белгілі бір жерді реакциясының шығуымен туберкулиннің енгізуіне жауап беру қабілеттігін алады (қызарып кетуі), бұл ағзадағы туберкулез микобактериялардың бар болуын куәландырады. Манту сынамасынан қандай нәтиже күту керек? Туберкулин сынамасының нәтижесін дәрігер немесе арнайы оқытылған медбике 72 сағаттан кейін мм (папуланың) инфильтрат өлшемінің өлшеу жолымен бағалайды, миллиметрлік бөлгіштері бар жылтыр сызғышпен өлшеп және инфильтраттың көлденең өлшемін тіркейді (білек осінің

қатынасы бойынша). Гиперемия (қызаруы) инфильтраттың жоқ болу жағдайында ескереді. Манту сынамасының қойылуында, реакциясы деп есептелетін: болымсыз - инфильтраттың (папуланың) және гиперемияның немесе укол реакциясының қолда барында (0- 1 мм);

дүдәмал - 2-4 мм өлшеміндегі инфильтрат кезінде немесе инфильтратсыз әр түрлі өлшемдегі

гиперемияда ғана; болымды - 5 мм және одан аса диаметрдегі инфильтраттың қолда барында. гиперергиялық - балалар мен жасөспірімдерде инфильтраттың 17 мм диаметрінде және одан аса, ересектерде - 21 мм және одан аса, ал сонымен қатар инфильтраттың өлшемінен тәуелсіз көпіршіктердің және некроздың шығуында реакциясы деп есептеледі. Алғашқы рет айқындалған Мантудың болымды сынамасында осы болымды сынаманың себебін айқындау үшін бала туберкулезге қарсы диспансерге бағытталады. Өйткені болымды реакциясы әрдайым емес індет жұқтыру туралы айтады, бұл кей кезде вакцинадан кейінгі аллергиясы болып есептеледі. БЦЖ вакциналауды (ревакцинациялауды) қашан жасамау керек? Вакциналау үшін шала туған бала (дененің салмағы туу кезінде 2500 гр кем); өткір аурулар (вакциналау асқынудың аяқталғанына дейін қалдыру); жатыр ішіндегі індет; ірің-септикалық аурулары;

орта ауыр және ауыр түріндегі нәрестелердің гемолитикалық ауруы; көрінген неврологиялық симптоматикамен жүйке жүйесінің ауыр зақымдануы;

генерализацияланған тері зақымдануы;

алғашқы иммунодефициті;

көтеріліс жаңадан пайда болуы;

иммунодепрессанттерді бір уақтылы қабылдау ;

сәуле терапиясы (емделу аяқталған соң вакциналауды 6 айдан кейін өткізеді);

басқа балалардың отбасында генерализацияланған туберкулез;

шешесінде АВИ- індеті.

Ревакцинациялау үшін өткір (жұқпалы және жұқпайтын) аурулары;

иммунодефициті; қанының көтеріліс аурулары және өскіні;

иммунодепрессанттарды бір уақтылы қабылдау және сәуле терапиясы

(ревакцинациялауды емделу аяқталған соң, 6 айдан кейін одан ерте емес өткізеді);

туберкулез (соның санында анамнезде және микобактериялармен жұқтырылған тұлғалар);

2 ТЕ ППД-Л Мانتудың болымды және дүдәмал реакциясы; вакцинаның алдыңғы еңгізуіне асқынған реакциясы (соның санында келоидті қытыртығы, лимфаденит);

жні ұстамалармен эпилепсия;

жұқпалы науқас адамдармен тығыз байланыс.

«Манту сынамасы екіпеге жатады. Балаға ауру тудыратын препарат егіледі»

Манту сынамасы ешқандай екіпеге жатпайды. Бұл ағзада туберкулез микобактериясының бар-жоғын және сәби кезінде салынған БЦЖ екіпесінен кейін иммунитет қалыптасқан-қалыптаспағанын анықтайтын диагностикалық тәсіл. Манту сынамасының тәсілі тері астына туберкулез микобактериясынан алынған антигенді еңгізу жолымен оған деген ағзаның жауабын алу қағидасына сүйенеді. Препарат егілген жерге туберкулезге қарсы иммунитетке жауап беретін қан жасушалары жиналады. Егер ағзада Кох таяқшалары болса онда тері әдеттегіден үлкен болып қызарып, ісінеді. Егер бала қандай да бір себеппен түрлі профилактикалық екіпе алудан босатылса, онда оған міндетті түрде Манту сынамасы жасалуы керек.

«Манту сынамасын өзге қауіпсіз тест түрімен алмастыруға болады» Манту реакциясы - бүгінгі күнде балалардағы туберкулезді анықтаудағы ең басты тәсіл. Бұдан басқа диагностикалық әдістер тек туберкулез диагнозын түпкілікті қою үшін ғана қолданылады. Ол әдістермен Манту сынамасын алмастыру мүмкін емес, себебі олар адамның ауырғаны және БЦЖ екіпесін қайта салдыруы керек екені жайлы жалпы ақпарат бере алмайды.

«Егер Манту сынамасы оң нәтиже көрсетсе, онда бала туберкулезге шалдыққан»

Инфекция жұқтыру баланың міндетті түрде туберкулезбен ауырып қалды дегенін білдірмейді. Тек емшектегі балалар ғана инфекцияны жұқтырғанда көбіне туберкулезбен ауырады. Ересектеу балаларда ауру көбіне білінбей өтеді және ұзақ уақыт туберкулез олардың ағзасында белсенді шабуылға көшпеуі мүмкін. Бірақ дұрыс тамақтанбағанда, адам иммунитеті басқа аурудан немесе күйзелістен нашарлағанда, туберкулез кез келген сәтте белсенді күйге көшуі мүмкін. Сондықтан Манту сынамасы алаңдауға негіз бар ма, жоқ па деген сұраққа жауап береді.

Егер ата-анасы баласына Манту сынамасын салдырудан бас тартса, туберкулезге шалдыққан-шалдықпағанын анықтауға кедергі келтірсе, онда дәрігерлер баланың ағзасында туберкулездің бар-жоғын айта алмайды. Бірақ Манту сынамасын жасатпаған баланы мектепке немесе балабақшаға қабылдамауы мүмкін. Туберкулезді дәрігерлер отбасылық ауру деп атайды. Себебі бұл жұқпаның бір шаңырақ астында тұратындарды білдіртпестен ұзақ уақыт бәріне жұтатын ерекшелігі бар. Туберкулезбен ауыратын адам кемінде 6-8 адамға жұқтырады деп есептеледі. Манту сынамасы жасалмаған бала саны көбейген сайын, туберкулезді бақылауда ұстаудың, оны еретерек анықтаудың қиыншалықты қиындайтынын, сәйкесінше бұл індетті өршітіп алу қаупі туатынын қоғам жақсы түсінуі тиіс, ата аналар үшін ақпарат

БЦЖ деген не ? «Бацилла Кальметта Герена немесе БЦЖ (Bacillus Calmette Guerin, BCG) адам ағзасына деген патогенді әсері жасанды ортада төмендетілген сиыр туберкулезі бацилласы атты тірі вирустан жасалатын вакцина. БЦЖ - бұл 1921 жылы Кальмет пен Герен неміс ғалымдары ашқан вакцина. Вакцина - жұқпалы ауруларды алдын ала сақтау үшін егілетін әлсіз микроб. БЦЖ екпесі бұл туберкулез ауруын тудырмайтын, бірақ осы ауру түріне қарсы иммунитет тудыратын әлсіретілген вакциналық штамм (лат. *Mycobacterium bovis* BCG), ол жасанды ортада арнайы өсіріліп адам үшін

уыттылығын үзді. БЦЖ - бұл туберкулезден сақтайтын және балалар ағзасын туберкулезбен ауруға ықтималдығын төмендетеді (мысалы белгілі, 1975-1985 ж.ж. аралығында вакциналанбаған балалары арасында вакциналанғандармен салыстырғанда, Швецияда аурудың бұл көрсеткіші 6 рет жоғары болды). БЦЖ вакцинасы алғашқы туберкулездің түрлерінен қорғайды және ерекшелігінде ауыр, таратылған және өкпеден тыс (менингит, сүйектердің зақымдануы сияқты), диагностикалау және

емдеуге ең қиырақ. Егер анасы БЦЖ вакцинасынан бас тартса Теориялық жағынан баланың ата анасы БЦЖ вакциналауды өткізуден бас тартуға құқылы. Бірақ осындай шешімді қабылдап, есте сақтау керек туберкулезден ешкім сақтандырылмаған, әсіресе қорғансыз нәресте. БЦЖ егуі ешқандай зиян келтірмейді. Ал оның пайдасы мен қажеттілігі әсіресе біздің жағдайларда айқын. Вакциналау ауруды өте жақсы ескертеді. Ережеде өз

уактылы вакциналанған бала ауырмайды. Ал егер ауырып қалса, туберкулез жеңілрек өтеді. Ол нәрестені 90 және одан астам пайызға қорғайды.

Туберкулез деген не? Туберкулез - бұл бактериалдық жұқпа, ол қалай болса да әр ағзаны зақымдайды, жиілігінде өкпелерді. Индет негізінде тығыз байланысу, сөйлесу, жөтелу, түшкіру тыныс алу ағзаларына түсіп, ауа-тамшы жолымен жұқтырылады. Бірақ туберкулездің қоздырушысы әжептәуір тұрақты, науқас адаммен тығыз байланысу нәтижесінде міндетті емес, сондықтан қай жерде болса да, ауруды жұқтырып алуға болады. Туберкулездің негізгі белгілері өзіне қақырықпен жөтелді, қан қақыруды, салмақтан айрылуды, қызу көтерілуі және түнде көтеріңкі тершендікті қосады.

Кімге БЦЖ егуін жасайды?

Дүниеге келген сау жана туған нәрестелердің 3-7 күні. БЦЖ вакцинасын катал түрде тер ішіне, сол жақтағы жоғарғы үштігіне еңгізіледі. Сапалы өткізілген вакциналауында, өмірдің 4 айына толған нәрестелердің тыртығы 5-10 мм өлшеміне дейін қалыптасу керек. БЦЖ вакциналауынан кейін алынған иммунитеті орташа 5 жыл сақталады. Қабылдаған иммунитетті қолдау үшін қайталау түрдегі вакциналау (ревакциналау) 7 жаста өткізіледі (тек қана Манту сынамасы болымсыз балаларға жасалады) осы жаста балалар туберкулез ауруына жұғуға осал деп есептеледі.

Вакциналаудан кейін непі күту керек? 2-3 айдан кейін теріде инъекция орнында инфильтрат қалыптастырылады (ұлпаның қалындауы немесе жуандауы) масаның шағуы сияқты. Норманың талабына қарай диаметрінде ол 1 см артық болмау керек. Кей кезде инфильтрат қабықшамен жабылады. Қабықшаны алып тастауға тыйым салынады! Ол өз бетімен, су емшаралардың кезінде түсіп және содан кейін қайтадан шығады. Баланы шомылдырған кезде осы орнын жөкемен сабындап жууға болмайды. 6 айға жақын нәзік тыртық қалыптасады, жылға қарай өл өзінің аяқтау түрін қабылдайды.

Вакцинаның еңгізу орнына антисептикалық ерітіндісін жағуға тыйым салынады. - бриллиант жасыл дәрісімен, йодпен, спиртпен, өйткені ол орнындағы инфекциялық үрдісінің дамуына зақым келтіреді. Жаңама құбылыстар бар ма? БЦЖ аллергиялық реакциялары сирек пайда болады. кейбір балаларда қолтық асты лимфалық түйіндердің ісінгендігі шығады.

•аздаған балаларда ауруы қатты болып дамиды, терен жара немесе іріннің пайда болуы. Егер сіздің балаңызбен осындай жағдай болса, оны педиатрға немесе учаскелік медбикеге көрсетіңіз. Бірнеше кеңес.

Сіздің балаңыз вакциналаудан соң әдетте су емшараларын қабылдай алады. Уколдың орнын пластырьмен жабуға болмайды.

Қашан және кімге жасалады?

Сынама БЦЖ вакцинасын егу алдында



2+ ай

Перзентханада екпе алмаған екі айдан асқан сәбилерге.



6 жас

Вакцинаның екінші дозасын егер алдында, 6 жастағы балаларға.

Сынамаға реакция "күмәнді" немесе "оң" шықса, онда вакцинация кейінге қалдырылады және бала фтизиатрдан кеңес алуы керек.



Жыл сайын Манту сынамасы қауіп-қатер тобындағы балаларға жасалады. Бұл – иммун тапшылығы және созылмалы аурулары бар балалар; әлеуметтік жағдайы төмен отбасыдан шыққан балалар; БЦЖ салдырмаған екі айдан асқан балалар.



Сынама туберкулезбен ауыратын науқаспен байланыста болған балаларға жылына екі рет жасалады.

Манту ТРА Қосымша ақпарат алу үшін қойындыны басыңыз

✓ Төріс

Инфильтрат немесе гиперемияның болмауы, «екпелік реакцияның» (0-1 мм) болуы. Бұл жақсы нәтиже, алаңдаудың қажеті жоқ.

! Күдікті

Инфильтрат 2-4 мм, кез-келген өлшемдегі гиперемия инфильтратсыз. Бұл ағзаның сынамаға жауабы, бірақ қайта тексеру қажет.

✗ Оң

Инфильтрат 5 мм және одан жоғары. Фтизиатрға жолдама алу қажет, бірақ дабыл қағып қажеті жоқ, себебі жалған – шын реакция болуы мүмкін.

Егер инфильтрат көлемі 15 мм және одан жоғары болса немесе везикулды-некротикалық өзгеріс және (немесе) лимфангоит, лимфаденит болса инфильтраттың өлшеміне қарамастан, гиперергиялық жауап ретінде бағалаймыз. Бұл жағдайда фтизиатр дәрігерге жолдама беру қажет.

Манту сынамасына аллергиялық реакция болу мүмкін – папула 5-11 мм болу ықтимал, жалған – шын көрсеткіш қатарына жатады. Бұл кезде қосымша баланы ТРА («Диаоскintест») жіберу ықтимал.

